



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Инфляция бәсеңдеуі мүмкін

Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығы 2024 жылғы ақпандағы кейбір индикаторларға қатысты қаржы нарығы кәсіби қатысушыларының кезекті сауалнамасының нәтижелерін ұсынды. Зерттеуде қаржы нарығының кәсіби қатысушыларының, банк, сақтандыру, брокерлік ұйымдар өкілдерінің, талдау және қазынашылық бөлімшелері қызметкерлерінің пікірі зерделенді.

Таяп келе жатқан салық кезең қарсаңында қаржы нарығы сарапшыларының ұлттық валюта бағамына қатысты қысқамерзімді күтулері біршама жақсарыпты. Наурыз айының басында доллар мен теңге бағамы бір доллар үшін 455,0 теңге (1 ай бұрын 457,4 теңге) белгісінде болжанады. Дегенмен алдағы уақытта мұнай бағасының құбылуы, базалық мөлшерлеменің төмендеуіне байланысты теңге құралдарының тартымдылығының



азаяуы, сондай-ақ импорт пен сыртқы борыш бойынша төлемдердің өсуі аясында ұлттық валютаның бір доллар үшін 478,3 теңгеге дейін әлсіреуі байқалуы мүмкін.

Ал мұнай бағасы бойынша күту бір жылдан кейін нашарлап, қаңтар айындағы 85,4 долларға қарсы барреліне 83,9 долларды құрапты.

Сонымен қатар сауалнамаға қатысушылардың 83 пайызы келесі отырыста базалық пайыздық мөлшерлеме төмендейді деп күтсе, соның ішінде 67 пайызы нақтылы 25 базалық тармаққа, яғни 15,25-тен 15,0 пайызға дейін төмендейді деп күтіп отырғанын мәлімдеген.

«Сыртқы жағдайлардың жақсаруы және елде жүргізіліп жатқан инфляцияға қарсы саясат сарапшылардың инфляциялық күтуінің айтарлықтай жақсаруына ықпал етті. 12 ай өткеннен кейін жылдық 12,5 пайыз базалық мөлшерлеменен инфляция 8,8 пайызды (1 ай бұрын 9,7 пайыз) құрауы мүмкін», делінеді қауымдастық ақпаратында.

«Созақ үні»-ақпарат.

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен болған Үкімет отырысында өткен айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды.

Инвестициялық штаб жұмысы күшейеді

Үкімет басшысының орынбасары –Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровтың сөзіне қарағанда, есепті кезеңде ел экономикасының өсу қарқыны 3,9%-ды құрады. Салалар арасында құрылыс (+12,8%), көлік және қоймалау (+11,4%), ақпарат және байланыс (+10,6%), сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі (+6,9%) ең жақсы динамиканы көрсетіп отыр.

Алдын ала қорытындылар бойынша 2023 жылы сыртқы сауда айналымы 3,2%-ға, 140 млрд долларға дейін өсті. Экспорт шамамен – 79 млрд, өңделген тауарлар экспорты – 25 млрд, импорт 61 млрд



Қосымша құн салығы көтерілмейді

доллардан асты. Жалпы, оң сауда балансы 18 млрд долларға тең. Қаржы министрі Мәди Такиев мемлекеттік бюджетке 1 трлн теңге кіріс түскенін айтып, жоспар 111,5%-ға орындалғанын жеткізді. Республикалық бюджет 521 млрд теңгеге, жергілікті бюджеттер 526 млрд теңгеге толыққан. Мемлекеттік бюджет шығыстары 96,9%-ға орындалған.

Сонымен қатар отырыста қаңтар айының қорытындысы бойынша даму көрсеткіштері ең төмен өңір басшылары баяндама жасады. Олардың қатарында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, Маңғыстау өңірінің басшысы Нұрлан Ноғаев және Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов бар.

Премьер-министрдің айтуынша, ең кемі 6% деңгейінде тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету Үкіметтің осы жылға және ортамерзімді кезеңге арналған басым міндеті болып қала береді.

«Ұлттық экономика министрлігіне салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде биыл 6% деңгейінде экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимыл жоспарын әзірлеп, бекітуді тапсырамын. Жоспарда нақты әрі тиімді іс-шаралар көрініс табуға тиіс», деген О.Бектенов биылғы қаңтар айында негізгі капиталға салынған инвестициялар небәрі 0,6%-ға өскеніне назар аударды. Мұндай төмен көрсеткіштер уәкілетті мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің сапасыз жұмысын көрсететінін меңзейді.

«Инвестициялық штаб жұмысын күшейту қажет. Оған жеткілікті өкілеттіктер берілген. Министрлер мен әкімдердің басты міндеті – инвестициялық жобаларды іске асыруға тиімді әрі пәрменді қолдау көрсету», деді.

Үкімет басшысы инвестиция ішкі жалпы өнім өсімінің негізгі драйвері ретінде маңызды рөл атқаратынын айтты. Сөйтіп, дұрыс инвестициялық саясат қалыптастыру негізгі фактор болып отырғанына ден

қойды. Инвестиция тартудың біртұтас экокүйесін құру, инвестициялық жобаларға тиімді қолдау көрсету, сондай-ақ жобаларды уақтылы іске асыру үшін жағдай жасау Үкіметтің осы бағыттағы үйлесімді жұмысының көрсеткіші болатынын атап өткен О.Бектенов, мемлекеттік органдар мен даму институттарының жұмыс тиімділігін арттыру мен нысаналы индикаторларға қол жеткізілмейтін болса, олардың жауапкершілігін нығайту бойынша пәрменді және ынталандырушы КРІ белгілеуді тапсырды.

Бұл инвестициялық ахуалды жақсартуға және нақты нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді. Осыны айтқан Үкімет басшысы, қуатты әрі бәсекеге қабілетті бизнес – табысты экономиканың тағы бір маңызды факторы екенін жеткізді. Осыған қарағанда, кәсіпкерлікті дамыту және қолдау – Үкіметтің басты міндеттерінің бірі болады.

Бюджет шығысының тиімділігін арттыру керек

Жоғары деңгейде өңделген өнім шығаруға, сондай-ақ шығарылатын өнімнің экспорттық әлеуетіне басымдық берілуі қажет. Қаржылай қолдау өндірістің технологиялық күрделілік деңгейіне байланысты көрсетілуі керек. Яғни өндіріс неғұрлым күрделі, технологиялар кеңінен қолданылатын болса, несие мөлшерлемесі де соғұрлым төмен болуы немесе кредит мерзімі ұзаруы керек екенін айтты.

Оған қоса, отандық бизнеске қаржыландыру қолжетімді болуға тиіс, оның ішінде бюджеттен басқа көздерді пайдаланып, кепілдік беру тетіктерін кеңейту қажеттігін ескертті. Бұл жергілікті кәсіпорындарға шетелдік жеткізушілермен бәсекелесуге мүмкіндік береді. Сөйтіп, орта бизнесті дамытуды қолдау үшін, мемлекеттік қолдау жүйесін қайта қарап, өндірісті 2-3 есе кеңейткісі келетін табысты орташа кәсіпорындармен келісім жасауды барынша жеделдетуді тапсырды.

«Бизнесті тексеруге жарияланған мораторий биыл аяқталды, бірақ бұл кәсіпкерлерге әкімшілік жүкте-

ме түсірмеуге тиіс. Адами факторды алып тастауға мүмкіндік беретін мемлекеттік бақылаудың автоматтандырылған жүйесі толық көлемде қолданылуға тиіс», деді Премьер-министр.

Бағаның өсуін тежеу Үкімет үшін басым бағыт болып қала береді. Биыл инфляцияны 6-8% аралығында ұстап тұру міндеті де тұр. Ол үшін мемлекеттік органдар инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенінің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

«Кеңейтілген отырыста Мемлекет басшысы былтыр бизнеске 600 млрд теңгеге жуық қосымша құн салығы қайтарылмағанын атап өтті. Сонымен қатар шұғыл шығындарды қаржыландыру үшін бюджетке 2024 жылғы төлемдермен аванс берілген. Бұл дұрыс жоспарламаудың салдарынан орын алған, 2023 жылы түсуге тиіс болған кірістер жоспары асыра бағаланды. Мұндай тәжірибе қайталанбауға тиіс», деген Премьер-министр қосымша құн салығының мөлшерлемесі көтерілмейтінін айтты.

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен қосымша құн салығының ставкасы көтерілмейді. Бюджет кірісін толықтырудың басқа жолдарын іздеуіміз керек. Ұлттық экономика және Қаржы министрліктері республикалық бюджеттің шығыстарын да, кірістерін де сапалы жоспарлауды қамтамасыз етуі қажет. Мұнда ең алдымен цифрландыру есебінен салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіруде пәрменді шаралар қабылдау маңызды», деді О.Бектенов.

Оның сөзінше, жалпы қаржылық тәртіпті күшейту, нәтижесіз шығыстарды жою және мемлекеттік бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру маңызды. «Тағы да атап өткім келеді – экономиканың жоғары қарқынын қамтамасыз ету үшін бар күшімізді салуымыз керек. Әрбір министр мен өңір әкімі алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге тікелей жауапты болады», деп түйіндеді ол.



Комиссияның отырысы өтті

Ағамыдағы жылдың 6 ақпан күні Б.М.Тұрғанбаевтың төрағалығымен аудандық партиялық бақылау комиссиясының кезектен тыс отырысы өтті. Комиссия мүшелері Б.Нұрланов, Т.Абубаев, Н.Майусова, Ж.Әлібеков, Е.Ержігітов, О.Төлепбергелі және аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі Т.Жұмақов қатысты. Отырыстың күн тәртібінде төрт мәселе ұсынылып, белгілі себептермен «БЕНДСтрой Сервис» ЖШС директорының есебі кейінгі отырысқа шегеріледі. Ал күн тәртібіндегі үш мәселе бойынша төмендегіше ұсыныстар беріліп, қаулы қабылданды.

1. Созақ аудандық партиялық бақылау комиссиясының құрамына өзгеріс енгізіліп, жаңа комиссия құрамы таныстырылды.

2. Созақ аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының 2024 жылға арналған жылдық жоспары талқыланды;

3. Созақ ауданындағы жалпы білім беретін мектептердегі 1-4 сыныптардағы барлық бастауыш сынып оқушыларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша аудандық білім бөлімі басшысының баяндамасы назарға алынып, қо-

сымша ұсыныстар берілді. -Ыбырай елді мекенінде орналасқан Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебіндегі кейбір кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныс берілді;

Мектептердегі үлкен қоңырау уақытын 10 минуттан 20 минутқа (ыстық тамақ ішетін бастауыш сынып оқушыларының үлгеріміне негізге ала отырып) ұзартуға ұсыныс беру;

-Жалпы білім беретін мектептерде жаппай ыстық тамақ беретін бастауыш сынып оқушыларына Түркістан облыстық білім басқармасынан берілген үлгіге сай ас мәзірін (меню) дайындау; -Мектеп басшылығы оқушы тамағының мәзірі арқылы сапалы болуын қадағалау; Күн тәртібінде қаралған мәселелердің уақтылы орындалуы аудандық партиялық бақылау комиссиясының басты назарына алынды.

Партиялық бақылау комиссиясы.

Қазатомөнеркәсіп өндірістік қауіпсіздікті басқару процестерін цифрландырады

Алматыда Digital Almaty 2024: «Х индустриясы – болашақтың цифрлық эволюциясы» жыл сайынғы цифрлық форумы өтіп жатыр. Іс-шара барысында форумға қатысушылар – ШЫҰ және ЕАЭО елдерінің мемлекет қайраткерлері, жетекші сарапшылар, бизнес және саясат өкілдері – цифрлық технологиялар саласындағы заманауи үрдістерді, сондай-ақ оларды әлеуметтік, экономикалық және экологиялық міндеттерді шешу үшін

қауіпті жүктердің тасымалын және жүргізушілердің жағдайын бақылауға мүмкіндік беретін бірқатар тиімді құралдарды қолданамыз», - деп атап өтті Николай Мельников.

Сондай-ақ, спикер аудиторияға «eKAP» корпоративтік қосымшасының функционалдық мүмкіндіктері туралы айтып берді. Ақпараттық жүйенің көмегімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ кәсіпорындарында ауысым алдындағы тексерулерді, күнделікті нұсқамаларды, қауіпті жұмыстарға жіберуді автоматтандыру жоспарланған. Жаңа цифрлық технологияларды компанияның 20 мыңнан астам қызметкері пайдаланады деп күтілуде.

Іс-шара аясында «Семізбай-У» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ еншілес ұйымы) «Семізбай-У» ЖШС «Иіркөл» филиалының мысалында «Уран өндірісінің технологиялық процестерін кешенді роботтандыру» ФЭТКЖ тақырыбы бойынша макет ұсынды. Жоба табиғи уранның химиялық концентратын келіктік орау контейнеріне тиеу бойынша технологиялық операцияларды орындау кезінде қол еңбегін болдырмауды мақсат еткен.

Естеріңізге сала кетейік, Digital Almaty 2024: «Х индустриясы–болашақтың цифрлық эволюциясы» цифрлық форумы 1-3 ақпан аралығында өтеді. Іс-шараны Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Алматы әкімдігі және «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры ұйымдастырып отыр.

Биылғы жылы Digital Almaty қатысушыларына GovTech, Индустрия 4.0, ESG, Smart City және басқа салалардағы өнеркәсіптегі цифрлық трансформация және инновациялық шешімдер тақырыптарын ашатын ауқымды іскерлік бағдарлама ұсынылды. Панельдік пікірталастар аясында халықаралық сарапшылар, сала көшбасшылары, IT және бизнес саласындағы жетекші инноваторлар қатарынан 200-ден астам спикерлер қатысып, экономика мен инновацияның нақты секторында жаңа технологияларды қолданудағы табысты кейстер туралы әңгімелейді.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Емхана мен аурухананың жұмысымен танысты

Аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов Созақ аудандық орталық ауруханасы мен емхананың жұмыс барысымен танысты.

Аралау барысын қабылдау бөлімінен бастап, жұмыс істеу тәртібін бақылауына алды. Қосымша балалар, жансақтау, хирургия, терапия бөлімшелерінің және инсульт орталығы мен асхананың тыныс-тіршілігімен танысып, ем алушы тұлғалармен тілдесті. Сондай-ақ, емхананың өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышының жұмыс істеу жағдайы мен ауруха-



наның жылу жүйесін де назардан тыс қалдырмады.

Аудан әкімінің орынбасары Серік Сахиұлы аралау барысында медициналық қызмет көрсету сапасы мен қазіргі уақытта тұрғындар тарапынан сала бойынша көтеріліп жүрген өзекті мәселелерге жан-жақты тоқталып өтті.

Аурухана басшысы Бейбіт Төреханов туындаған мәселелердің жай-жапсарын түсіндіріп, кемшіліктердің орнын толтыруға бағытталған жоспарларын толық баяндады. Бұл бойынша атқарылып жатқан жұмыстар мен медициналық құрал-жабдықтарды таныстырып өтті.

Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өтті

Ісмет Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай Таукент кентінде тұратын Ауғанстан соғысының ардагерлерімен оқушылардың кездесуі болып өтті. Оқушылар мен кездесуе аудандық Ауған соғысы ардагерлерінің

соғысының ардагерлерге өздерінің Отан алдындағы әскери борышын өтеуде, әскери антарына берік екендерін сол кезде көрсеткендерін баяндап, алуан түрлі сұрақтарға жауап береді. Еліміздің ертеңі болашақ жастарға мектеп қабырғасында өздерін Отан қорғауға қалай дайындауы керектігін тәртіпті, жақсы



төрағасы Бегалы Омарбеков, Серік Керімбеков, Пернебек Шаймерденов келді. Кездесуде мектеп оқушылары дайындаған «Ауғанстан жүректелі жара» тақырыбында өткізген тәрбие сағаты тамашаланады. Алғашқы әскери дайындық пәні жетекшісі Орынбек Нұрлыбеков қонақтардың ерлікті жолдары туралы оқушыларға кеңінен әңгімелеп берді. Тәрбие сағатында оқушылар Ауған соғысы жайында көріністер көрсетіп, оқушылар арасында әскери тақырыпта сайыстар өткізді. Тәрбие сағаты арасында сұрақ-жауаптар ардагерлерімен жүргізіліп отырды. Ауған

оқушылар, әр кезде озат үлгілі болуларына тілек білдірді. Әскери патриоттық тақырыптарда ән шырқалды. Оқушылар тәрбие сағатының соңында өздері қолдан жасаған сыйлықтарын ардагерлерге тарту етті. Соңынан оқушылардың хорымен «Атамекен» әні айтылды. Тәрбие сағатынан оқушылар Ауған соғысы жөнінде көп мәліметтер алды. Оқушылар ардагер көкелеріне оқуда озат, тәртіпті үлгілі оқушы болатындарына сенім білдірді.

М.ӘЛЖАНОВ,
Мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

Ресми түрде құрметті демалысқа шықпай-ақ зейнетақы төлемдерін алуға болады! Мұндай мүмкіндікті зейнетақы аннуитеті беріп отыр. Fingramota.kz сақтандыру құралының осы түрі жайында жан-жақты айтып береді.

Зейнетақы аннуитеті деген не?

Бұл – зейнетақы жинақтары жеткілікті болған жағдайда азаматтарға зейнетақыны мерзімінен бұрын алуға мүмкіндік беретін сақтандыру өнімі. Зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасу жөніндегі қызметтерді «өмірді сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары көрсетеді. Бүгінгі таңда нарықта осындай 8 ұйым жұмыс істейді.

Зейнетақы аннуитеті шартын

берілген кірістіліктің болуы кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитетінің негізгі артықшылығы болып табылады. Сақтандыру ұйымы сақтанушы сақтандыру төлемдерін ала бастайтын жасқа жеткенге дейін жыл сайын заңнамалық тұрғыдан белгіленген кірістілікке кепілдік береді. Кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күннен бастап сақтандыру ұйымына берілген қаражат инвестицияланады, болашақта алатын сақтандыру төлемдерінің мөлшері ұлғаяды.

Бірлескен зейнетақы аннуитеті деген не?

Бірлескен зейнетақы аннуитеті зейнетақы аннуитетін сатып алу және өмір бойы тұрақты кіріс алу үшін жақын туыстардың (ерлі-зайыптылар-

сақтандыру ұйымы төлей береді.

Зейнетақы аннуитеті шартын жасамас бұрын нені білу керек?

Зейнетақы аннуитеті шартын жасамас бұрын «ойын ережелерін» түсіну керек. Зейнетақы аннуитеті шарты жасалған сақтандыру ұйымын мұндай шарт жасалғаннан кейін екі жылдан соңғына ауыстыруға болатынын білген жөн.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін де шарт жасалған күннен бастап екі жыл өткен соң ғана сақтандыру компаниясынан қайтадан Бірыңғай жинақтау зейнетақы қорына (бұдан әрі – БЖЗҚ) қайтаруға болады. Бұл ретте сақтандыру ұйымында өмір бойы ЕТК ша-

Зейнетақы төлемдерін зейнетке шыққанға дейін алу: барлығы зейнетақы аннуитеті туралы

жасасу арқылы азамат 55 жасқа толғаннан кейін өмір бойы кепілдік берілген кіріс алу құқығына ие болады. Өз кезегінде, сақтандыру ұйымы мұндай шартты жасай отырып, клиентіне өмір бойы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндеттемелерін өзіне алады.

2021 жылы Заңмен сақтандыру ұйымынан төленетін ай сайынғы сақтандыру төлемінің мөлшері азайтылды. Бүгінгі күні ол зейнетақы аннуитеті шартын жасасу күні қолданыста болған ең төмен күнкөріс деңгейі (ЕТК) шамасының 70%-ына тең болады. Соған байланысты зейнетақы аннуитеті шартының құны да 40%-ға азайтылды. Бүгінгі күні стандартты зейнетақы аннуитеті шартының құны 55 жастағы ерлер үшін 7 млн теңгені, ал осындай жастағы әйелдер үшін 8,5 млн теңгені құрайды.

Агенттік азаматтар үшін осы өнімнің тартымдылығын және кірістілігін арттыру үшін зейнетақы аннуитеті шартының өлшемдерін де қайта қарады. Сақтандыру төлемдерін индекс-теу мөлшері 5%-дан 7%-ға дейін ұлғайтылды. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша кірістіліктің ең төмен мөлшерлемесі 7%-дан 9%-ға дейін ұлғайтылды. Мүгедектігі бар адамдар мен зиянды еңбекпен айналысатын қызметкерлер үшін зейнетақы аннуитеті шартының құнын есептеу үшін жеке қайтыс болу кестесін қолдану көзделген.

Бүгінгі күні азаматтарға кейінге қалдырылған және бірлескен зейнетақы аннуитеттерін қоса алғанда, зейнетақы аннуитеті шарттарының бірнеше түрін иелену мүмкіндігі беріледі.

Кейінге қалдырылған аннуитет деген не?

Бұл сақтандыру құралы сақтанушыларға шартты 55 жасынан бастап өмір бойы ай сайын төлем алу құқығымен 45 жасынан бастап шарт жасасу мүмкіндігін береді. Мұндай сақтандыру өнімі өз бюджетін алдын ала жоспарлап үйренген және зейнетақы жасына жеткеннен кейін қандай қаражат есебінен өмір сүрем деп ойлайтын адамдарға арналған.

Қаржы нарығындағы мөлшерлемелердің құбылмалылығына қарамастан кепілдік

дәйі) зейнетақы жинақтарын біріктіруге мүмкіндік береді. Мысалы, егер ерлі-зайыптылардың бірінің аннуитет сатып алу үшін жинақтаған қаражаты жеткілікті болса, ал екіншісінде ол артық болса, бірлескен аннуитет шартын жасасып, екеуі де өмір бойы төлемдер ала алады.

Бұл ерлі-зайыптылардың біреуінің ғана жалақысы тұрақты, ал екіншісінде түрлі жағдайға байланысты лайықты зейнетақыға қаражаты жетпейтін (мысалы, бала күтіміне байланысты ұзақ уақыт демалыста болуы, үй шаруашылығын жүргізу) отбасылар үшін өте пайдалы сақтандыру өнімі болып табылады.

Ерлі-зайыптылар өмір бойы ай сайынғы сақтандыру төлемдерін, оның ішінде неке бұзылған жағдайда ортақ мөлшері зейнетақы аннуитеті шарты жасалған күні қолданыста болатын ең төмен күнкөріс деңгейінің (ЕТК) 1,4-еселік мөлшерінен төмен болмайтын сақтандыру төлемдерінің кестесінде белгіленген мөлшерде алады.

Ерлі-зайыптылардың біреуі өмірден өткен жағдайда, екіншісі бірлескен зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес кесте бойынша өзінің жеке сақтандыру төлемдерін (ЕТК-ның кемінде 70%-ы) алуын жалғастыра береді.

Бірлескен зейнетақы аннуитетін тек жолдасыңмен не зайыбыңмен ғана емес, сондай-ақ жақын туыстарыңның бірімен алуға болады. Бұл бауырың, ата-анаң, немерелерің, аталарың немесе апаларың болуы мүмкін. Мұндай шарт туысыңды өмір бойы төлемдермен қамтамасыз етеді.

Зейнетақы аннуитеттерінің жаңа түрлерін сату басталған уақыттан бері азаматтар 41,0 млрд теңге жалпы сомаға кейінге қалдырылған және бірлескен 4 118 зейнетақы аннуитеті шарттарын жасады.

Қазіргі уақытта жалпы сомасы 354,5 млрд теңге болатын қолданыстағы жалпы 68 270 зейнетақы шарты бар.

Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша төлемдерге Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры кепілдік береді. Сақтандыру ұйымы банкрот болған жағдайда оның клиенті зейнетақысыз қалмайды. Төлемдерді таратылып жатқан сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелі берілген басқа

масының кемінде 70%-ын құрайтын айлық сақтандыру төлемін қамтамасыз ететін сома алуға тиіс. Сақтанушы жүрген күннен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде сақтандыру ұйымдары қайтарылуға тиіс ақша сомасын БЖЗҚ-ға аударуға міндетті.

Осылайша, егер салымшы өзінің барлық зейнетақы жинағын БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына аударса, онда көрсетілген талаптың арқасында ол қайта есептеу жүргізіп, сақтандыру аннуитеті бойынша төлемді азайта алады және қалдықты зейнетақы қорына қайтара алады.

Кепілдік берілген төлем кезеңінің болуы зейнетақы аннуитеті шартын жасасу кезінде назар аудару қажет болатын маңызды талап болып табылады. Әрине, кепілдік берілген кезеңді есептегенде бірлескен зейнетақы аннуитетінің құны қымбатырақ болады. Егер клиент кепілдік берілген кезең аяқталғанға дейін өмір сүрмесе, кепілдік берілген кезең аяқталғанға дейін төлемді әрі қарай шартта пайда алушы ретінде көрсетілген адам ала береді.

Зейнетақы аннуитеті ұзақ мерзімді жоспарлау үшін өте ыңғайлы. Зейнетке шыққанда қалай өмір сүретіні жайлы ойланатын және қосымша зейнетақы жинақтары бар кез келген азамат сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу арқылы өзіне кепілдік берілген кірістің қосымша көзін қамтамасыз ете алады. Зейнетақыны бір рет зейнетақы қорынан (зейнет жасына жеткеннен кейін) және сақтандыру ұйымынан алуға болады (55 жастан бастап). Бұл ретте егер БЖЗҚ зейнетақыны өзінде жиналған қаражат біткенге дейін ғана төлейтін болса, онда сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдерін өмір бойы төлеуге міндетті болады.

Сақтандырушылардың қызметі және сақтандыру өнімдері туралы ақпарат реттеушінің және сақтандыру ұйымдарының өздерінің ресми интернет-ресурсында қолжетімді болады.

Өзіңізді, ақшаңызды сақтаңыз және Fingramota.kz-пен бірге қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!

Аудандық ішкі саясат бөлімінің тапсырысымен.



FinGramota
Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Қазақстандықтардың назарына: 2024 жылдың басындағы интернет-алаяқтықтың неғұрлым өзекті түрлері

2024 жылдың басынан бастап Қазақстанда танымал WhatsApp мессенджерін қоса алғанда, әлеуметтік желілер арқылы алаяқтық жағдайлар жиілеп кетті. Алаяқтардың қандай сценарийлерді қолданатындарын Fingramota.kz-пен бірге қарастырып көрелік.

Алаяқтықтың тағы бір түрі - азаматтарға телефон соғу

2024 жылдың басынан бастап қазақстандықтардың TikTok әлеуметтік желісінде қателесіп жіберілген ақша аударымдары жөнінде жазған өтініштері жиілеп кетті. Бұл жердегі алаяқтықтың схемасы мынадай: алаяқтар онлайн-банкінгің көмегімен азаматтардың шоттарына белгілі бір ақша аударымдарын жібереді. Бұдан кейін ықтимал құрбанның мобильдік нөміріне ақшаны басқа адамға «қателесіп» жіберген адамнан қоңырау түседі. Алаяқтар түрлі аңыз оқиғаларды айтып, мәселен, бұл ақшаны «бала емдеуге арналған соңғы ақша еді, аударымның клиниканың, дәріхананың және т.б. шотына түсуі қажет еді» деген уәждер келтіреді. Енді олар кері аударым жасауды, бірақ ақшаны басқа нөмірге жіберуді сұрайды. Олардың атаған нөмірі сіздің нөміріңізге ұқсас болуы мүмкін, тек бірекі саны басқа болуы ықтимал. Егер сіз ақшаны аударатын болсаңыз, онда сіз де алаяқтық схемаға қатысушы болып шығасыз, себебі сіздің шотыңыз транзит шот ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Үнемі өз шотыңыз бойынша үзінді-көшірмені қарап, зерттеп отырыңыз, ол сізге кімнен және қашан ақша түскенін түсіну үшін қажет. Егер сіз ақша аударымы қате екендігіне 100% көз жеткізсеңіз, онда банкке соманы қайтару жөнінде жазбаша өтініш жазыңыз және қаржы институты ҚР заңнамасы бойынша төлемдерді қайтару рәсіміне сәйкес кері аударым жүргізеді.

SMS - хабарламалар арқылы алаяқтық

Қазпоштадан келетін SMS – хабарламалардың көмегі арқылы карточкадан ақшаны шешіп алу кеңінен таралуда. Оның сценарийі бесенеден белгілі: қаскүнемдер болашақ құрбанына хабарлама жібереді, онда сәлемдемені мекенжай көрсетілмегендіктен жеткізу мүмкін емес деп жазады. Хабарламаның мәтінінде мекенжайды енгізіп, сілтеме бойынша өтіп, жеткізуге қайта өтінім жасауды сұрайды. Бұдан кейін алаяқтар Қазпошаның ресми сайтының интерфейсімен (тауарды немесе жеткізуге ақы төлеуге арналған) бірдей қоса берілген сілтемеге өтуді сұрайды. Егер сіз ол сілтемеге өтсеңіз, онда интернет-алаяқтар бірнеше секундтардың ішінде сіздің шотыңызды тазалап шығуы мүмкін.

Фишинг – қаржылық алаяқтықтың бір түрі, мұнда қаскүнемдер клон, мәселен, қаржы институттарының танымал сайттарының клонын ойлап табады және қолда бар пошталық мекенжайлардың базасы арқылы фишингтік сілтемелерді таратады.

Егер сіз шынымен де сәлемдеме күтсеңіз, онда оның мәртебесін сайттан немесе post.kz мобильді қосымшасынан тексеріңіз, сондай-ақ ақпаратты 1499 қысқа нөмірі бойынша нақтылауға болады.

Кеңінен таралған алаяқтықтың тағы бір тәсілі – WhatsApp тағы аккаунтты қолдана отырып, барлық қолда бар байланыс телефондарына жалған шоттар көрсете отырып, түрлі сылтаумен ақша жөнелту өтінішімен мәтін таратады. WhatsApp арқылы жалған кірулер және мессенджер пайдаланушысы үшін оның салдары туралы біз бұрын жарияланған материалдарда айтқан болатынбыз.

Fingramota.kz пайдаланушыларға сіздің WhatsApp-аккаунтқа қатар кірудің болуын «Теңшеу» қосымшасынан және «Қоса жүрген құрылғылар» қосымша бетіне өте отырып, тексеруге болатындығын қайтара еске салады. Егер осы қосымша бетте белгісіз құрылғы көрінсе, оны сіз қоспаған болсаңыз, дереу осы сессиядан шығыңыз.

Сондай-ақ, ешқашан: Авторизацияланбаған дүкендерден смартфонға қосымша орнатпаңыз;

Күдікті сілтемелер бойынша өтпеңіз және конфиденциалдылық теңшеулеріне мұқият болыңыз;

Антивирус бағдарламасын жаңартуды ұмытпаңыз, ол сіздің гаджетіңізге алаяқтық шабуылдар болған жағдайда, оларды бұғаттайды;

Ақшаға қатысты кез келген ұсыныстарға, лотереядағы ұтыс болсын, кездейсоқ аударым немесе достарға көмек сияқты ұсыныстарға да сақтықпен қараңыз;

Кез келген ақпаратты мұқият, қайта-қайта тексеріңіз және қаржыға қатысты маңызды шешімдер қабылдаған кезде асықпаңыз.

Өзіңізге және өз ақшаңызға абай болыңыз және Fingramota.kz-пен бірге алаяқтықтың жаңа схемалары туралы хабардар болыңыз!

Іргелі мемлекетіміздің Ата заңында айшықтап көрсеткеніндей мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы- халық десек, сол халықтың бел ортасында жүріп, қараша халықтың мұңы мен мұқтажына, қуанышы мен жетістіктеріне араласа жүріп, елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту жолында елеулі із қалдырып келе жатқан Қазақстан мәслихаттарына биыл 30 жыл толады екен. Осы орайда Созақ аудандық мәслихатының қосқан үлесі, жеткен жетістіктері туралы аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Мырзабекұлы Жәмиевпен сұқбаттасқан едік. Сол сұқбатты назарларыңызға ұсынамыз.



ші сессияда бірауыздан аудандық мәслихаттың хатшысы болып депутат Мұсабеков Сағынтай ағамыз екінші рет сайланды. Сәкең кәзір зейнеткер, әлі де ауданның қоғамдық – саяси өміріне белсене қатысып жүрген қадірлі ардагерлеріміздің бірі.

2007 жылы өткен төртінші шақырылған аудандық мәслихат сайлауында 13 депутат сайланып, мәслихат хатшылығына бірауыздан депутат Аймұрзаев Аманғали Түктібайұлы лайықты деп танылды.

2012 жылғы 15 қаңтарда өткен Қазақстан Республикасының Парламенті мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын сайлау жөніндегі саяси додаға еліміздегі партиялардың бәрі қатысып, атсалысуы еліміздің демократиялық дамудың жаңа сатысына қадам

ӨКІЛЕТТІ ОРГАНДАРДЫҢ ӨТКЕНІ

-Ордабек Мырзабекұлы, билығы айтулы мерекелердің бірі-Қазақстан мәслихаттарына 30 жыл толады екен. Айтулы мерекемен аудандық басылымның атынан мәслихат аппаратын, мәслихат ардагерлерін және бүгінгі таңдағы халық қалаулыларын құттықтаймыз! Осы орайда аудандық мәслихаттың ширек ғасырдан астам уақыт ішінде бағындырған белестері туралы айтарыңыз бар ма?

-Баршаға белгілі, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы- халық. Қазақстан Республикасының Конституциясында осылай бекітілген. Қоғамды демократияландыру үдерістерінде жергілікті өкілді органдардың, халық билігінің негізгі формасы ретінде мәслихаттар мен жергілікті өзін – өзі басқару органдарының маңызы өте зор. Мәслихат – халық сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілеп, олардың жүзеге асырылуын қадағалайтын жергілікті өкілді орган. Өз қызметінде мәслихат мемлекеттің жалпы сыртқы және ішкі саясатына, қаржы және инвестициялық саясатқа сай келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермейді, қоғамдық маңызы бар салаларда белгіленген жалпы мемлекеттік стандарттарды ұстанады, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Мәслихат өз өкілдігін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамаларына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Заңға, Қазақстан Республикасының Президенті, Парламенті мен Үкіметінің актілеріне және де мәслихат жұмысының регламентіне сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары мәслихаттар жергілікті билік және барлық сайлау науқандары түрлерінің әрекеттерінде негізгі рөлге ие болғанын сеніммен айтуға болады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан саяси және экономикалық үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Мұнда да жергілікті өкілетті органдар өкілдерінің сүбелі үлесі бар екендігі даусыз.

Отанымыздың 1993 жылғы Конституциясы қабылданғанда жаңа Тәуелсіз, Егемен мемлекеттің негізгі аяққа тұруы басталды. Дәл сол жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жергілікті мемлекеттік органдар құрылымына маңызды өзгерістер енгізген

«Жергілікті билік және атқарушы органдар туралы» Заң қабылдады. Жергілікті өкілетті органдар-мәслихат, жергілікті атқарушы органдар-әкімшілік болып аталды.

Мәслихаттар және әкімшіліктер «жергілікті мемлекеттік басқару органдары» деген жалпы атауға біріктірілді. Ұйымдастырушылық жағынан жергілікті органдар «бір-бірінен бөлінген, әрқайсысының өкілеттігі, мәселелер аясы мен өз құзыреті бар».

1994 жылдың наурыз айында елімізде Қазақстанның саяси көзқарасындағы жаңа толқынды танытқан жергілікті өкілетті билік органдары - мәслихаттарға алғашқы сайлаулар басталды. Ол елдегі бәсекеге қабілетті алғашқы сайлау болып, республиканың демократиялығын жедел дамытты.

Мәслихаттар нақты заң шеңберінде жергілікті халықтың еркіндігі мен ерікті іс – әрекет етуін қамтитын мемлекеттік органдардың өкілеті ретінде функцияларға ие болды.

2001 жылдың қаңтар айында Парламент «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Заң қабылдады. Жалпыхалықтық қолдауға ие болып, алдағы саяси өзгерістерге бастау болған 2007 жылғы конституциялық реформа мәслихаттарға, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің ұсынысымен, Парламент Мәжілісіне және барлық деңгейлі мәслихаттарға депутаттар сайлау кезінде аймақтық, орталық және учаскелік сайлау комиссиялары құрамын сайлауға байланысты қосымша өкілеттіліктер берілді.

Конституциялық реформаның іс жүзінде жүзеге асырылуы 2007 жылы тамыз айында өткен Парламент Мәжілісіне және мәслихаттарға депутаттар сайлаулары болды. Олар елімізде демократиялық принциптердің кеңінен өріс алғандығын айқындап берді.

Тәуелсіздікпен бірге толысып, билік буынымен берік, ел – жұртпен етене қызмет атқарып келе жатқан мәслихаттарға биыл 30 жыл толып отыр. Бұл тарих үшін қас – қағым сәт болуы мүмкін.

Бірақ, өткен күндердің өлшемімен қарағанда, осы уақыт аралығында халық игілігі үшін қаншама қыруар тірлік атқарылғанын аңғару қиын емес. Тәуелсіздік жылдарында бүкіл еліміздегі сияқты, ауданымызда да жарқын жобалар жүзеге асты. Көптеген әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Елді мекендерге ауысу тартылды. Жолдар жөнделіп, көшелер абаттандырылуда. Кәсіпкерлік көкжиегі кеңейіп, жұмыссыздық деңгейі төмендеді. Міне, осындай оңды істердің бәрінде аудандық мәсли-

хаттың да өзіндік қолтаңбасы жатыр.

Созақ аудандық мәслихаты жұмысының негізгі принципі - түсіністік, атқарушы органдармен тығыз байланыс, ортақ іске бірге жұмылу болып табылады. Бұл орайда біздер қалың жұртшылық және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп отырып, өзара бірлікте қоян – қолтық жұмыс жүргізудеміз.

-Енді осы тұста отыз жылдық тарихы бар аудандық мәслихаттың өткен тарихи белестері жолына қайырылып бір шолып өтсеңіз?

-Біздің тәуелсіз еліміздегі алғашқы мәслихат сайлауы 1994 жылғы 7 наурызда өткізіліп, әр деңгейдегі мәслихаттар органдары өмірге енді. Өзінің қалыптасқан 30 жыл ішінде өкілеттіліктері мен біліктіліктері артқан жергілікті мәслихаттағы депутаттар корпусы-қоғамды одан әрі демократияландыруға, халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға, еліміздегі халықтың әл – ауқатын, тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыру барысында атқарылып жатқан жұмыстарда өз белсенділіктерін танытуда.

Төл тарихымыздың еншісіне алтын әріптермен жазылған сол бір 1994 жылдың 7 наурызында аудандық мәслихат – депутаттар жиналысының I – ші сессиясы өткен болатын. Бұл сайлаудың басты ерекшелігі – депутаттыққа өз кандидаттарын түрлі партиялар, қоғамдық ұйымдармен бірге жеке адамдардың өзін – өзі ұсынуы болды. Бұл шын мәніндегі демократияның шынайы көрінісі еді.

Аудандық мәслихат – депутаттар жиналысының алғашқы хатшысы болып ұзақ жылдар ағарту, партия, кеңес органдарында абыройлы қызмет атқарған, бұл күндері дүниеден өткен абзал азамат, марқұм Сағын Төлендиев ағамыз сайланған болатын. Сол кезде аудандық мәслихат – депутаттар жиналысына 25 сайлау округі бойынша сәйкесінше, 25 депутат сайланған екен.

Ал, аудандық мәслихаттың екінші шақырылымының сайлауы 1999 жылдың 24 қазанында, ал оның бірінші сессиясы 11 қарашада өтті. Аудандық мәслихаттың хатшысы болып бұған дейін шаруашылық партия органдарында басшылық қызмет атқарып, мол тәжірибе жинақтаған білгір де іскер депутат Мұсабеков Сағынтай ағамыз сайланды.

Аудандық мәслихаттың үшінші шақырылымы сайлауының 2003 жылғы 20 қыркүйекте өткені де көптің жадында болса керек. Сол жылғы 21 қазанда болып өткен I –

басқанын көрсетті. Партиялардың билікке ұмтылуы мемлекет дамуындағы бәсекені көрсетті. Сол секілді партиялардың қай деңгейде жұмыс атқарып жатқандығы да осы сайлау барысында белгілі болды.

Сол уақыттағы «Нұр Отан» партиясы- парламенттік партия болатын. Сондықтан оның жұмысының күшеюінің негізгі тетігі – барлық деңгейлі мәслихаттардағы фракциялардың әрекеті. Бұл орайда аудандық мәслихатта екі партияның өкілдері депутат болып сайланған еді.

Ауданда сайлау нәтижелі өтіп, саяси бәсекеде лайықты үміткерлердің бағы жанды. Сол жолы да аудандық мәслихаттың хатшысы болып Аманғали Түктібайұлы Аймұрзаев екінші рет сайланған еді. Бүгінде Аманғали ағамыз талай жылдар бойы ауданға еңбек етіп, аудан басшысы болып, сол өткен еңбектерінің зейнетін көріп отырған ардақты ағаларымыздың қатарында, біздерге ақыл-кеңес айтып отыратын Құрметті азамат.

Аудандық мәслихаттың бесінші шақырылымында (24 қаңтар 2012-2016 жылдары) Исаев Мақсат Шамансұрұлы, алтыншы шақырылымында (2016-2021 жылдары) және жетінші шақырылымында (2021-2023 жылдары) Байғараев Бегімбет Бейімбетұлы мәслихат хатшысы болып сайланды. 2023 жылы наурыз айында өткен сегізінші шақырылымда аудандық мәслихат депутаттарының бір ауыздан қолдауымен мен сайландым. Сол жылдар ішінде халық сайлаған депутаттар корпусы барынша елдің мүддесі жолында ерен еңбек сіңірді. Оны өздеріңіз білесіздер. Айта кетерлік жай Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы. 2022 жылдың 5 қарашада 19 бабында өзгерістер енген, сөйтіп ол Заң 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген. Сол уақыттан бастап хатшы деген сөз төраға деген сөзге өзгертілді.

Осы жылдар аралығында өздерінің ерен еңбегімен көзге түсіп, аудан тұрғындарының зор сеніміне ие болған, түйінді түйткілдердің тарқатылуына білек сыбана кірісетін депутаттар буыны қалыптасты. Яғни, бүгінгі таңда аудандық мәслихаттың барлық депутаттары да ауданның қоғамдық саяси өміріне белсене қатысып, аудандық мәслихаттың сессиялары мен тұрақты комиссиялардың отырыстарында онда қойылған мәселелерді талқылауға ат салысып, шешімдердің орындалуына қолдан келгенше ықпалын тигізіп отырады.

Бүгінде аудандық мәслихат өз өкілеттігі шеңберінде өлкедегі өркенді істердің одан әрі өрістеуіне лайықты үлесін қосып келеді. Қазірге дейін аудандық мәслихат актуальді де күрделі деген ондаған, жүздеген өміршең мәселелер қаралып, тиісті шешімдер шығарылды.

Өткен жылдардың ең маңызды саяси оқиғаларының бірі – жергілікті ауылдық, кенттік әкімдер сайлауы болғаны белгілі. Міне, осы тұрғыда да сайланған әкімдердің жұмыс пәрменділігін нығайту, оған тұрғын халықтың белсене қатысуына қазіргі таңда аудандық мәслихат депутаттарының да ықпалы мен пәрменділігі артып отыр.

Алғашқы қалыптасқан жылдарына қарағанда, соңғы заңнамалық өзгерістерге сай рөлі біршама күшейтілген мәслихаттарды ел

еліміздің демократиялық тұрғыдан жаңғырудың жарқын үлгісі деп білеміз.

Бүгінде Созақ аудандық мәслихаты өзінің конституциялық өкілеттігін депутаттық корпус арқылы мәслихат аппараты қызметкерлерімен бірлесе арнайы жұмыс жоспарын құрып, аудан әкімі аппараты, мемлекеттік мекемелермен және ауылдық округтермен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Мәслихат өзінің бақылау функциясына заңдылыққа сай зерделеп отырып, атқарушы органдармен өзара тіл табыса, бірлесе отырып, жұмыс істесе ғана жұмыс нәтижелі болатынын өмірдің өзі көрсетіп келеді. Сондықтан аудандық депутаттық корпусымен атқарушы орган арасында өзара түсіністік, іскерлік байланыс, үйлесімді жұмыс қалып-

хат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша депутаттық сауалдар жолдап, олардың орындалуын тұрақты назарда ұстауда.

Осы уақытқа дейін аудандық мәслихат депутаттары тарапынан аудан әкіміне және оның бөлімдеріне барлығы 19 депутаттық сауал жолданған болатын. Атап айтқанда: Мәдениет саласы-1, құрылыс-1, денсаулық сақтау саласы-1, жұмыспен қамту және әлеуметтік саласы бойынша 4, ауыл шаруашылығы -2 және де тұрғын үй, көлік, жол, жарықтандыру салалары бойынша 10 депутаттық сауал жолданған. Олар бойынша аудандық мәслихат аппараты нақты іс-шара жасап, депутаттық сауалдарды тұрақты қадағалауға алған. Аппарат қызметкерлері депутаттардың сауалдарына ерекше

пікірлер түскен болатын. Ол бойынша жасалған іс-шара аудан әкіміне жолданды.

Партия бағдарламалары бойынша аудандық мәслихат депутаттары тұрақты түрде қоғамдық қабылдаулар өткізіп тұрады. Қабылдауға келген тұрғындардың мәселелерінің оң шешілуіне ықпал жасап келеді.

Аудандық мәслихатқа келіп түскен хаттар мен арыз-шағымдар және өтініштер, азаматтарды талап-тілектері бойынша жеке қабылдаудың барысына келсек, жалпы, жыл бойында мекемелерден келіп түскен кіріс хаттар саны 281-ке жетті.

Үстіміздегі жылдың өткен мерзімінде аудандық мәслихатта 15 арыз-шағым, тіркелген. Олардың бәрі де дер кезінде тиісті

МЕН ӨРІСТІ ӨРКЕНДЕУ

игілігі үшін атқарылар мәнді де мазмұнды жұмыстар күтуде. Сондықтан бұл міндеттерді абыроймен атқару – халық қалаулыларының қасиетті де абыройлы парызы деп білеміз.

-Президентіміз бас болып, халық қолдаған мәслихаттың тәуелсіз еліміздің жеткен жетістіктері мен өркендеуі, өрлеуі жолында ізгі іздері қалды. Ол игі істер несімен құнды?

-Еліміздің барлық жетістіктері, өркендеуі, рухани-экономикалық өрлеу, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дамыған мемлекеттерімен тереземіз тең, даулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы – біздің мемлекеттің Тәуелсіздігі мен сол тәуелсіздікке жеткізген ынтымағымен құнды дер едім.

Тәуелсіздікпен бірге Созақ ауданы да бүгінде, өсіп-өркендеудің жолына түсті. Аудан көлемінде барлық салада үлкен өзгерістер орын алып, жаңалықтар көбейді. Әл ауқатымыз жақсарды. Экономикамыз дамыды. Әлеуметтік жағдайымыз көтерілді. Мәдениетіміздің мерейі тасыды. Құрылыс қарқын алып, білім ошақтары салынды. Медицина сапасы жақсарып, спорт нысандары бой көтерді. Ең бастысы халықтың қал ахуалы үшін жасалып жатқан игі істер – көпшіліктің көңілінен шықты. Мұның бәрінде жергілікті атқарушы билікпен тізе қосып жұмыс істеп келе жатқан мәслихаттың ықпалы зор. Себебі халық қалаған мәслихат депутаттары, олардың мұң – мұқтажын мінбеден көтеріп, шешілуіне ықпал етті.

Ата заңымызда қоғамды демократияландыру процессінде халықтық биліктің негізгі формалары ретінде жергілікті өкілді органдар мәслихаттар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына маңызды міндеттер жүктелген. Себебі, мәслихат-халықтың еркін білдіретін жергілікті өкілді орган. Жалпы, өз қызметінде мәслихат сыртқы және ішкі қаржылық және инвестициялық саясатқа сәйкес келмейтін, мемлекет мүддесіне қайшы шешімдерді қабылдауға жол бермейді. Есесіне, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Сондықтан мәслихаттарды халықтың атынан өкілдік ететін жергілікті мемлекеттік басқарудың дербес институты деуге толық негіз бар.

Өздеріңізге белгілі, биыл елімізде Парламент мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде ауданымызда "AMANAT" партиясынан -12, «Ақ жол» -1, «Ауыл» партиясынан 1 кандидат аудандық мәслихат депутаттығына сайланды. Бұл

тасқан. Ауданды өркендетудің перспективалық жоспарлары, түрлі салалар бойынша экономикалық және әлеуметтік бағдарламалар қабылданып, олардың орындалуына бірлесе үлес қосып келеді.

Аудандық мәслихат депутаттары тікелей депутаттық өкілеттіліктермен қатар аудан әкімдігінің жанынан түрлі консультативтік-кеңесші органдардың және де ауылдық округтердегі әлеуметтік мәселелерге байланысты құрылған комиссия құрамына кіре отырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жұмысына белсене араласады. Депутаттық корпусының құрамы әртүрлі. Олардың ішінде білім беру саласының қызметкерлері, шаруа қожалықтарының басшылары, үлкен өмірлік және кәсіптік тәжірибесі зор азаматтар бар. Олар озық тәжірибесі мен біліктілігін ауданның әлеуметтік экономикалық дамуына жұмсайды.

Бүгінде аудандық мәслихатта екі тұрақты комиссия жұмыс істейді. «Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру жөніндегі» комиссия, екіншісі «Бюджет және экономикалық даму жөніндегі» комиссия. Тұрақты комиссия отырыстарында маңызды мәселелер қаралып, сессия қарауына шешім табу үшін жолданады.

Мәслихат депутаттарынан құрылған ауданымыздағы "AMANAT" партиясының фракциясы да белсенді. Партияның бағдарламалық құжаттарын түсіндіріп, қоғамдық қабылдаулар, сайлаушылардың жеке сұрақтары бойынша кездесулер өткізіп, қоғамдық еңбек ұжымдарының көкейкесті мәселелерін қарастырып, шешімін табуға атсалысуда.

Халық қалаулылары ауданда өтетін барлық әлеуметтік, саяси іс-шараларға және қайырымдылық шараларға белсенді қатысып келеді.

-Өткен мерзім ішінде сайлаушылардың айтқан ұсыныс-пікірлері мен талап-тілектеріне орай депутаттар тарапынан атқарылған жұмыстарды атап өтсеңіз?

Өздеріңізге белгілі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-ші Заңының 21-ші бабында: «Депутат: өз округінің сайлаушыларымен, сондай-ақ, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және ұйымдармен кездесулер мен жиналыстар өткізуге құқылы» делінген.

Жоғарыда аталған Заңның тиісті бабын басшылыққа алған аудандық мәслихаттың депутаттары ресми жазбаша сауалмен әкімге, тағы басқа да тиісті азаматтарға мәсли-

хат беріп, олардың дер кезінде іске асып отыруына себепкер бола білуде.

Қазіргі таңға дейін сегізінші сайланған аудандық мәслихаттың 9 рет сессиясы өткен болса, оның ішінде 3 кезекті, 6 кезектен тыс сессиялар болып табылады. Оларда алдын ала жоспарланған мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданып, олардың орындалуы мәслихат аппараты тарапынан бақылауға алынған. Бүгінгі күнге дейін аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессияларында бюджетке 6-рет өзгерістер енгізілген болса, олардың барлығы да Республикалық Әділет министрлігінен уақтылы тіркеуден өтіп, қолданыстағы заңдарға сәйкес жұмыс жүргізіліп келеді.

Аудандық мәслихат депутаттары тарапынан бүгінгі күнге дейін маңызды деген 56 мәселе және сессияны ұйымдастыру жұмыстарына қатысты 8 мәселе қаралып, барлығы 64 шешім қабылданған болса, олардың орындалуы бақылауға алынып, сол бойынша жұмыстар жалғасын табуда.

Аудандық мәслихаттың депутаттары өздері сайланған мерзімнен бері қарай өз сайлаушыларымен 1 рет кездесу өткізгені өздеріңізге мәлім. Яғни, ол 2023 жылдың қараша айында өткен болатын. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 19 бабын басшылыққа ала отырып, сайлаушылардан түскен ұсыныс-пікірлер мен сын-ескертпелердің орындалуы жөнінде көптеген шаралар қабылдады. Әрбір округтерден сайланған депутаттар сайлаушылары тұратын ауыл аймақтағы (ауыз су, жол, аяқ жол, жарықтандыру, спорт алаңшалары және тағы басқа) өзекті деген мәселелерді жинақтап, кесте түзіп аудан әкіміне, тиісті салалық мекемелерге ұсынылып отырады.

Депутаттардың өздерімен алдын ала келісіп жасалған кесте бойынша мәслихат аппаратының қызметкерлері әрбір депутаттың кездесулеріне қатысып, жиналыс барысында айтылған ұсыныс-пікірлерді жинақтап, оларды жүзеге асыру жөнінде іс-шаралар жасап аудан әкіміне, тиісті мекеме, бөлім басшыларына ұсынады. Жасалған іс-шараның орындалғаны жөнінде тиісті мекеме басшыларының жауаптарын аудандық «Созақ үні» газетінің беттерінде жариялап отыру аудандық мәслихат аппаратының жұмыс практикасына енген.

2023 жылдың қараша айында өткен депутаттардың сайлаушылармен болған кездесулерінде олардың тарапынан 58 ұсыныс-

орындарға жіберіліп, орындалуы бақылауға алынып отырылды. Нәтижелері бойынша арыз-шағым мен өтініш иелеріне уақтылы хабарлануы тұрақты бақылауға алынған.

Мұнымен бірге, биыл 13 азамат өздерінің әр түрлі талап-тілектері бойынша менің жеке қабылдауымда болды. Олардың көпшілігі жұмысқа орналастыру жөнінде көмектесуді сұрайды. Өз кезегінде, оларға менің тарапымнан азаматтарды жұмысқа орналастырудың тәртібі жөнінде түсіндірілді. Аудандық «Созақ үні» газетінде жыл ішінде депутаттар тарапынан 15 рет материалдар жарық көрген.

Аудандық мәслихат, депутаттары жолдаған депутаттық сауалдары мен өз сайлаушыларымен кездесулерінде айтылған ұсыныс-пікірлерін алдағы уақытта да тұрақты назарда ұстай отырып, бұл бағытта жұмыстарды жалғастыра беретін болады.

-Мерейлі жыл қарсаңында аудан жұртшылығына өзіңіздің мерекелік тілегімізді естігіміз келеді?

-Мәслихаттар жоғарыда айтып өткеніміздей, халықтың қалауын білдіретін жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқарудың маңызды бөлігі. Сөз соңында ауданның барша жұртшылығын Қазақстан мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толу мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Сондай-ақ, Президент жүктеген тапсырмаларды жүзеге асыруда жергілікті тұрғындардың өкілді тұлғалары - аудандық мәслихаттың депутаттарыда сүбелі үлес қоса беретіндігі сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Президентінің үстіміздегі жылғы халыққа арналған Жолдауында атап көрсетілгендей, билік тармақтарының алдында тұрған ең басты мақсат – мемлекетімізді одан әрі нығайту басты бағытымыз болмақ. Ендеше, бірлігіміз бекем, тірлігіміз тұзу болып, Тәуелсіз еліміздің абыройы асқақтай берсін!

Аудандық басылым арқылы ауданымыздың барлық жұртшылығын аудандық мәслихаттың 30 жылдық мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Барша аудан жұртшылығына, ардагер аға-апаларымызға зор денсаулық, еңбектеріне табыс, отбастарына ынтымақ пен татулық тілеймін!

-Сұхбатыңыз үшін рахмет, өзіңізге де, аудандық мәслихат аппаратына да ауданымыздың өрісті өркендеуі жолындағы ерен еңбектеріне толағай табыстар тілеймін!

**Сұқбаттасқан:
Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**

Мемлекеттік және мемлекеттік емес

Ақпан айының 7 күні Шолаққорған ауылы әкімдігінің мәжіліс залында республикалық «Әділ билер» ҚБ-нің аудандық филиалының ұйымдастырумен «Ислам және дәстүр құндылығы» және «Дін мен дәстүр тағылымы» тақырыптарында алқалы жиын болып өтті. Жиынға «Әділ билер» РҚБ-ның төрағасы Ергебеков Серік Әбенұлы, Созақ аудандық сотының төрағасы Дәуренбеков Ақылбек Сергейұлы, аудандық прокуратураның прокурорының орынбасары Алмас Жағыппаров, Шолаққорған орталық мешітінің бас имамы Мейрамбек Әбдіқұлов және ауыл имамдары, республикалық «Әділ билер» ҚБ-нің аудандық филиалының төрағасы Әбубәкір Сахиұлы және ауыл билері, қоғамдық ұйымдардың төрағалары мен жергілікті БАҚ өкілдері қатысты. Алғашқы болып сөз алған Әбубәкір Сахиұлы жиылған көпшілікке арнайы меймандарды таныстырып, жиынның күн тәртібінде көтерілетін мәселелері жөнінде айтып, регламент бекітіп алды. Әрі қарай күн тәртібіндегі мәселелер бойынша аз-кем хабарлама жасап, төмендегі тақырыптар бойынша баяндамашыларға кезегімен сөз беріп отырды.

Бірінші баяндамашы Созақ ауданының бас имамы Мейрамбек Әбдіқұлов «Әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің ұлт тәрбиесіндегі орыны» жайлы ой қозғады. ҚМДБ-ның атқарып жатқан жұмыстары менен алдағы жоспарларымен бөлісті. Мұнан алдын да аудандық «Әділ билер» РҚБ-нің өкілдерімен кездесіп, бірқатар мәселер жөнінен кеңескендерін және мынадай ұсыныстар жасағанын айта кетті. Сонымен, Шолаққорған орталық мешітінің бас имамы:

«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бұл күнде 5 бағытта жұмыс жасауда: 1. Ислам және ізгі қоғам бағыты. Мақсаты: барынша қоғамды ізгілендіру, исламофобиядан (исламды жеккөрушіліктен арылту); Ислам және насихат. Ихсан-ол ілім. Ғалымдарымыз: «Ихсан ілімінің басы-біреуге ренжімеу және ренжітпеу» деген екен; 3. Діни сауат ашу. Діни кадрлардың білімін көтеріп, мешітке келетін жамағаттың сауатын ашу. 4. Жат діни ағымдармен жұмыс жасау. Жат діни ағымдарға- ҚМДБ-ның діни ұстанымына қайшы келетін кез-келген ағым өкілдері жатады. 5. Дін мен дәстүр тағылымы. Қазіргі қоғамда бірыңғай дінді немесе дәстүрді ғана мойындап, насихаттайтын топтар пайда болды. Бұл дұрыс емес. Дін мен дәстүрді есте бөліп қарауға болмайды. Себебі, бұл екеуі де ұлтымыз үшін бірі-бірі толықтастырып тұратын егіз ұғым. Осы ретте, ҚМДБ-ның төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы биылғы жылды: «Ислам және дәстүр құндылығы» жылы деп бекітті. Демек, біз алдағы бір жылда осы бағытта жұмыс жасайтын боламыз. Тағы бір айта кететіні 2023 жылы ҚМДБ-ның IV форумында бас муфти Наурызбай қажы Тағанұлының бұйрығымен бірнеше құжаттар қабылданды: Солардан: Ас беру мәдениеті мен Зират және зират мәдениеттері тақырыбына тоқталғым кеп отыр. Ас беру мәдениетіне қатысты құжат 21 беттен тұрады. Бұл құжаттың мақсаты: Қазақстан елінің барлық аймақтарында отбасылардың әлеуметтік жағдайын әр алуандығын ескеріп, аста төк астар менен асыра ысырапшылықтың алдын алу. Бірсөзбен айтқанда, құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыру. Негізінен, құдайы ас беру қазақы салт-санамызға сай дүние екенін ескеріп, шектен шыққан әдет-ғұрыптардан арылу. Өйткені, қазіргі қоғамда құдайы ас беруде халық арасында аруақтарға тиетін сауабынан гөрі, әулетімізге келетін ұятты ойлау басымдық алып барады. Соның әсерінен шамадан тыс ысыраптарға бару үрдісі орын алып жүр. Ендігі



жерде осындай аста төк астар мен асыра ысырапшылықтан арылатын кез жетті. Онан гөрі барша отандастарымызға ортақ сауапты істерді қолға алғанымыз жөн делінді бұл құнды құжатта. Тағы да құжатта: Дінімізде міндетті түрде қарызданып, қауғаланып (ірі қара сойып) құдайы ас, садақа бер деген жер жоқ» деп те келді. Садақа, құдайы ас берілген жағдайда мейлінше ысыраптан қашып, сауабын ойлаған жөн деп те атылды. Сосын, құдайы астың уақытын белгілі бір уақытқа бекітіп, халықтың да уақытында келіп-кетуін қадағалау. Дастархан мәзірін бекіту. Қысқасы, ел ішінде құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыру жайы баса айтылды. Яғни, құдайы астың уақыты менен дастархан мәзірін бір ізділікке түсіру. Қорыта келе бұл құжатта құдайы ас берудің 7 тірегі айтылды:

1. Шынайы ниет ету. Өзгелерге мақтану не көрсету үшін емес, сауап үшін жасау;
2. Құдайы асқа уақытында жиналу және тарқалу;
3. Құран оқып, дұға немесе бата жасау;
4. Құдайы асты Жұма күнінен басқа күні өткізу;
5. Аста төк ысыраптан қашу.
6. Құдайы ас, садақа беруде дәулетті адамдар да шектен шықпауы тиіс;
7. Құдайы аста қарапайымдылықты сақтау. Мен мынадай мәнсап иесі едім деп, төрге озуды, бас-жамбас жеуді талап ету дұрыс емес;

Сөз соңында айтарым, осы жиынға жиылған ауыл билері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен ауыл имамдарының бірауызды келісуімен сол құдайы астарда берілетін ас мәзірін бекітіп алсақ! Бұдан бөлек, мына өлік шыққан жерден үш күнге дейін (жергілікті халыққа) ас бермеуді қолға алсақ. Олай дейтінім, егер той болса дұрыс екен үй иелері алдын-ала дайындалып отырады. Ал, өлім деген аяқастынан болатын дүние. Ажал ешкімге хабар айтып келмейді. Ал енді, біздің қазақ халқында өлітке ерекше шашылатынымыз сондай, әрбір жеті күндік, қырық күндік және жылдық асына (оған соңғы кездері пайда болған 100 күндік асты) 1 жылқы (немесе басқа да ірі қара) сойып, тойдың дастарханын жаю міндетті боп қалды. Сосын, бейсенбіліктерді, жаназада жыртасы пен телім таратуды тоқтату жөнінде бір пәтуаға келсек. Әйтпесе, «тас түскен жеріне ауыр деп, әр бейсенбі сайын бір мал сойып, тойдың дастарханындай етіп дастархан жаю, базардан су жаңа киімдер әкеліп, ақша, жайнамаз немесе сүлгі тарату көпшілік халыққа шынында ауыр тиіп жатыр. Тіпті, қарызданып-қауғаланып, яғни, кредит алып құдайы бергендерді көзіміз көріп, естіп жүрміз. Ал, шарифатта немесе салт-дәстүрмізде қарызданып құдайы ас не садақа берген деген жері жоқ. «Қарыз ал да, қатын ал»-

деген бар, құдайы бер демеген. Егер де сіздерге осы айтылып жатқандардың бәріне дәлел керек болса айтайын, менің бір азық-түлік дүкені бар танысым айтып еді: «Бір көкеміз жақыны қайтыс болып, құдайы асқа қарызданып сауда жасаған еді. Міне, 10 жыл болды, 400 мың теңгесін әлі күнге бермей жүр» деп сөзін қорытты.

Мұнан соң бүгінгі жиынның модераторы Әбубәкір Сахиұлы қайта сөз алып, бас имам Мейрамбек Әбдіқұловтың жоғарыдағы ұсыныстарын қолдайтынын айта келе, жиылған көптің дауысына мына мәселелерді салып:

Күн тәртібінде қаралған ҚМДБ-ның пәтуасына орай, жоғарыда ауданымыздың бас имамы Мейрамбек Әбдіқұлов көтерген ұсыныстарды назарға алсақ. Ауыл билері, имамдары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері болып, осында алынған қарар, қабылданған қаулы аясында ел ішінде насихат жұмыстарын кеңінен жүргізсек. Бұрында да бұндай пәтуалар жасалып, аяқсыз қалып кеткенін ескеріп, бұл жұмысты қатаң қадағалауға алып, ауызбірлікте жұмыс жасасақ!» деді. Жиналыс қатысушылары бірауыздан бас имамның ұсыныстарын қолдап, қаулы қабылдады.

Әрі қарай сөз алған баяндамашы «Әділ билер» РҚБ-ның ауданымыздағы филиалының кеңесшісі, зейнеткер Талғат Шаймерденов «Жас ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың әлсіздігінен туындайтын қауіп-қатерлер және оның алдын алу» тақырыбына кеңінен тоқталды:

«Армысыздар ағайын! Қазақ халқы қашанда «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп, төбе билердің жұмысына сынмен қараған ғой. Бүгінде міне ауданымызда республикалық «Әділ билер» ҚБ-нің филиалы құрылып, жұмыс істеп бастады. Мына, өдеріңіз күесі болып отырған жиын да сол ауданымыздың төбе билерінің ұйымдастыруымен жүзеге асып отыр. Бұған мына ауданымыздың бас имамы, ауыл имамдары мен молдалары да мұрындық боп отырған екен. Осы орайда, бүгінгі күн тәртібіне қойылып отырған «Жас ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың әлсіздігінен туындайтын қауіп-қатерлер және оның алдын алу» тақырыпта баяндама жасау бақыты маған бұйырған екен. Ауданымыздың білім саласына ұзақ жылдар бойы еңбегі сіңген, зейнеткер ұстаз ретінде бұл тақырыпта ой қозғау мен үшін мақтан-ныш. Сонымен, несепті бүгінгі жиынның күн тәртібіне нақ осы ұрпақ тәрбиесі тақырыбы көтерілді? Өздеріңіз де білесіздер, былтырғы жылы түбі бір түркі дүниесінің астанасы Түркістан қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Қазақстан халықтарының ұлттық құрылтайы болып өтті. Сол ұлттық құрылтайда Президентіміз бүгінгі күні құлдырап бара

жатқан ұлттық құндылықтарға тоқталған еді. Егер қазірден бастап, дініміз бен дәстүріміз, әдет-ғұрыптарымызды әлсіретіп алсақ, мұның соңы ертең ұлттың жойылуына себеп болуы әбден мүмкін. Оған мынадай мысалдар келтіруге болады: Өздеріңізге белгілі бүгінгі күні бүкіл әлемде «жаһандану» үдерісі жүріп жатыр және әлемдегі 230 мемлекеттің ешбірі одан тыс қала алмайды. Біздің Қазақстан еліміз бүгінгі күні тәуелсіз, өз алдын дәрбес ел ретінде, бейбіт тұрмыс кешуде. Тек, бұл сырт көзге ғана солай, егер бір микробты көргісі келген адам қолына микроскоп алып қарағандай, мұқият жұрыптарымыз да бүгінде ұлттық құндылықтарымызға қауіп төніп тұрғанын анық көре аласыздар. Егер осылай салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызға сырттан болып жатқан шабуылдарға тойтарыс бермесек, бір күні біздің де ұлт ретінде жойылып кету қауіпіміз бар. Мен оны сіздерге бірнеше факторлармен дәлелдеп те бере аламын. Тарихқа үңілер болсақ, әлемде бір кездері мықты мемлекет болып, кейіннен жойылып кеткен ұлттар көп. Мәселен, сонау VII ғасырларда қазақ еліне қайта-қайта шапқыншылық жасап, соғысып келген жоңғар халқы бүгінде жер бетінен жойылып кетті. Алысқа бармай-ақ, Күрдистан мемлекетін алайық. Бұл күнде сол Күрдистан мемлекеті бірнеше мемлекеттің құрамына еніп, мемлекеттігінен айырылып қалды. Ал енді, 40 мың жылдық тарихы бар, жер бетіндегі өркениеттің қалаушыларынан бірі Майя халқыда түп-тамырымен жойылып кетті. Мына тұрған көрші Ресей мемлекетін алып қарайық, негізгі мемлекетті құраушы орыс халқының үлес салмағы бар-жоғы 15 пайызды ғана құрайды. Кешегі өткен ата-бабаларымыз ұрпақтары сол озық салт-дәстүріміз бенен әдет-ғұрыптарымыздың негізінде тәрбиеленген жоқпа еді? Қарапайым ғана мысал, әже-аналарымыз шыр етіп дүниеге келген сәбилерін жөргекке, жаялыққа орап, бесікке бөлеп өсірген еді. Тілі шығып, жан-жағын тани бастағаннан Алпамыс, Қобыланды және Қырымның қырық батыры секілді т.б батырлық жырларын айтып, батырлыққа, отанын сүйе тәрбиеленген болатын. Ал, қазіргі жас аналар бесік тербетіп, жаялық жуып отыр ма? Әрине жоқ. Сол халқымыз үшін қастерлі болған бесік пенен жаялықтың орнын бүгінде памперс деген шетелдің жөргегі басты. Ал енді, сол памперс жайлы мықты уролог дәрігерлеріміз: «Түбі ұлдарымызды белсіздікке, ал, қыздарымызды бедеулікке алып барады» деп отыр. Бұл ұлттық құндылыққа қауіп емей мемене? Құрметті ауылдың игі жақсылары! Ендігі жерде осы, ұрпақтың тәрбиесіне жөргектен бастап мән беретін кез келді. Екінші бір фактор. Ата-бабамыз дүниеге келген сәбиін екі жылға дейін ана сүтімен еміздірді.

Ұйымдар бас қосып, кеңесті

Қазіргі аналардың ешбірі балаларынтолық екі жыл емізбейді. Керісінше, берісі алты ай, арысы бір жылда омырауынан айырып, дүкендердегі арнайы қоспалармен тамақтандырып, резеңке емізіктермен емізуде. Ал енді, ананың сүтін емірене, мейірі қана ембеген ұрпақтың ертеңі не болмақ. Атам қазақ айтады: «Даналық-атаның қанымен, ананың сүтімен дариды» деп. Ендеше, дүкендегі қоспа тағаммен өскен баладан қандай тәрбие күтеміз? Қазіргі таңдағы оқушылардың 25 пайызының денсаулығынан кінәрат табылып жатыр. Ол аурулар: Асқазан- ішек аурулары, бауыр- бүйрек, көз аурулары т.б. Бұл, баланы жергінен, салт- дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз негізінде дұрыс тәрбиелеу жайы еді. Ендігі жерде мемлекет тарапынан бала тәрбиесіне қатысты кетіп жатқан кемшіліктер жайын сөз етпекшімін. Білесіздер, мынау ұлан байтақ жерді ата- бабаларымыз бізге ақбілектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, аманаттап тастап кеткен. Сол, ұлан байтақ жерімізді бүгінде қорғайтын ұрпақ жоқ. Оған мысал, былтырғы жылы ғана әскерге шақырудан қашқан жастарымызды әскери комиссариаттың адамдары көшеден қуалап жүріп ұстап алып, күштеп әскери міндеттерін өтеуге жіберді. Бірде «Бақ кз» деген сайттан Қазақстан әскери күштерінің генералы Камалитдинов Сұлтан деген шендінің мынадай мәлімдемесін оқып қалдым. Әлгі генерал: «Күні бүгінге дейін Қазақстан әскери қарулы күштерінен 17 мың әскери қашып кетіпті. Оның 4 мыңнан астамы кәдімгі әскери шенділер, ал, 12 мыңы әскерге келісімшарт негізінде алынғандар еді» деп отыр. Егер, әскери шенділеріміз әскерден қашып жатса, онда жастарымызға не айтуға болады. Көріп отырсыздар, қазір әлемде геосаяси ахуал ұшығып тұр. Оған дәлел, бауырлас Ресей мен Украина мемлекеттерінің арасындағы соғыс. Саясаткер Дос Көшім айтады: «Дәл 2000 шы жылы Ресей Украинаға соғыс бастамай тұрып, әуелі, ақпараттық соғыс бастапты» деп. Міне, дәл осындай ақпараттық соғысты олар бізге қарсы да бастап кетті. Осындай, геосаяси жағдай ұшығып тұрған жағдайда басқа емес, әскерлеріміздің әскерден қашқанын қалай түсіндіруге болады. Әнеки, осылардан соң ұлттығымызға, ұлттық құндылықтарымызға қауіп жоқ деп айтып көріңіз. Ендеше, құрметті жиынға жиылған қауым бұдан байлағы жерде ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударайық! Мен пәлен жыл ұстаздық етіп, зейнетке шыққан азамат ретінде айтайын, мұнда отырған директор әріптестерім де мені қолдайды деген ойдамын. Кәзір ешбір ата- ана өз ұрпағын тәрбиелеп отырған жоқ. Оларды қолдарындағы планшеттер мен смартфондар тәрбиелеп жатыр. Әлеуметтік желі тәрбиелеуде. Бұған қатысты да бір мысал айтайын, қазіргі ата- аналардың балалары мектепте бір бұзықтық істеп қойса, бірден ұстаздың жағасынан алады. Ал, бұрындары қалай еді. Бұрын ата- аналар: «Еті сеніңкі, сүйегі меніңкі» дегенге келтіріп, баланың өзіне ұрсатын. Мінеки, сөз соңында айтарым: «Осылай кете берсек, болашақ ұрпақтың тәрбиесін жіберіп аламыз. Сосын, беттен алатын ұл-қыз өсіп шықпағанда қайтеді? Тіл менен дін мәселесі де өзекті боп тұр. Ана тілінен ағылшынорыс тілін артық көретін ұрпақ өсіп келеді. Жат діни ағымдарға өтуші жастардың да қатары артып келеді. Мынау, Африка жерінде Кения деген ел бар. Сол елдің көсемдерінің бірі Канело бірде: «Ағылшын миссионерлері біздің жерімізге келгенде біздің қолымызда жеріміз, олардың қолында библия бар еді. Жылдар өткен соң олардың қолында біздің жеріміз, ал, біздің қолымызда олардың библиясы



қалды» деген көрінеді. Ендеше, жастарымызды жат ағымдарға өтіп кетуден де сақтайық! Осы бағытта имамдарымыздан көп жұмыстар күтеміз. Тыңдағандарыңызға рахмет!».

Келесі баяндамашы аудандық соттың төрағасы Ақылбек Дәуренбеков «Қоғамда орын алып жатқан зорлық-зомбылық» тақырыбына тоқталды: «Құрметті жиынға қатысушылар! Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселелердің барлығы да өзекті. Бұлардың ешбіріне де бей- жай қарауға болмайды. Әсіресе, ұрпақ тәрбиесі, қоғамдағы отбасының, әкенің орны, оның жүріп- тұрысы жайлы жақсы айтылды. Түптеп келгенде келешек ұрпақтың тәрбиесі осында отырған бәріміздің ортақ міндетіміз болып табылады. Ал енді, қоғам болғаннан кейін түрлі жағдайлар болып жатады. Соңғы кездері отбасылық зорлық- зомбылық оқиғалары көптеп орын алуда. Бұл жөнінде, БАҚ-тан, әлеуметтік желілерден, көріп, естіп және оқып жүрсіздер. Сонда да болса айта кетейін, бұл тұрмыстық зорлық- зомбылық дегеніміз біреудің екінші біреуге физикалық және психикалық тұрғыда зиян келтіруі болып табылады. Бұл бағытта ауданымызда барынша жұмыс істелініп жатыр. Қылмыстық, әкімшілік істер тіркеліп, қажетті шаралар көрілуде. Дегенмен, бас салып азаматтарымызды бас бостандығынан айыра бергеннен гөрі медиациялық жолдарменен шешуге де баса назар аударудамыз. Осы ретте, сіздердің осы бағытта бізбенен бірлесіп жұмыс істеулеріңізді де сұрап едік». Осы орайда, әңгімеге Әбубәкір Сахиұлы араласып: «Құрметті Ақылбек Сергейұлы! Ақыры өзіңіз бастап қалдыңыз, бұл бағытта біздің аудандық «Әділ билер» РҚБ- нің де сізден өтінішіміз болады. Біздің бірлестікке мүше, ауыл- ауылдардағы билерімізге «медиатор» куәлігін алуға жәрдемдессеңіз! Сонда біздің билеріміз өз ауылдарында орын алған осындай жағдайларға араласып, оңтайлы шешілуіне ықпал етер еді!» деп, өзбұйымтайын айтты. Ал, Ақылбек Дәуренбеков болса Сахиұлының өтінішін қолдайтынын және бұл бағытта бірлесіп жұмыс жасауға дайын екенін білдірді. Әрі қарай сөзін қорыта келе аудандық сот төрағасы: «Отбасылық зорлық- зомбылыққа біріңғай ер азамат немесе әйел адам ғана себеп болмайды. Керісінше, екі тараптың келіспеушілігінен туындайды. Өздеріңіз де жуырда куә болдыңыздар, бір азамат өзінің әйеліне қол жұмсап, оның арты өлімге ұласты. Осы ретте, қазір Парламент депутаттары зорлық- зомбылыққа қатысты заңды қатайтуға қатысты жұмыс жасап жатыр. Ендеше, сіздерді бірлесіп жұмыс жасауға шақырамын. Оның үстіне арамдыда үш жақты меморандум бар» деді.

Мұнан әрі «Әділ билер» РҚБ- ның төрағасы Ергебеков Серік, ауданымыздың құрметті азаматтары: Мың-

жасар Асқаров және Берік Тұрғанбаев, Жуантөбе ауылының ауыл бий Аманжол есімді азаматтар, аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі әрі «Ел Мүддесі» ҚБ- нің төрағасы Данияр Бек жарыс сөзге шығып, өз ойларын ортаға салды. Бүгінгі жиынның басты қонағы Серік Әбенұлы Ергебеков өзін көпке заңгер, теолог маман ретінде таныстырып, бүгінгі жиынның көңілінен шығып жатқанын айтты. Тағы да өзі төрағасы болып табылатын «Әділ билер» РҚБ- нің республика, облыс және аудандарда нендей жұмыстар атқарып жатқандығына тоқталып өтті. Тіпті, облыс әкімдіктерімен, құқық қорғау органдарымен үш жақты меморандумдарға отырып, түрлі бағытта жұмыс жасап жатқандарын да тілге тиек етті.

Әсіресе, Мыңжасар Рахышұлының ауданымыздың бас имамы Мейрамбек Әбдіқұловтың ұсыныстарын қолдап сөйлегені көптің көңілінен шықты. Мыңкең: «Шынында, осы жерлеу рәсімдеріне қатысты көтеріліп жатқан, құдайы ас, жыртас- телім мәселеріне көбірек көңіл бөлуіміз қажет. Әйтпесе, мынадай қымбатшылық, айлық табыстың аздығы екі елден қысып тұрғанда бұл ысыраптар елдің тұрмысын одан әрі тұралатып тастап жатыр. Негізінде, мұндай пәтуалар бұрындары ауданымызда айлынып, жұмыстар жасалған. Сондықтан бұл біз үшін жаңалық емес. Ендеше, бұл бағытта барынша жұмыс істеуіміз керек. Сосын, мына тойлардағы даңғазалықтардан, ұятсыз қылықтардан да арылатын күн жетті. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді деп, аста төк ас, жосықсыз тойларға тосқауыл қоюымыз қажет» деп сөзін аяқтады.

Жалпы, бұл жиын өзге жиындардан өзгеше, өзекті болды. Себебі, көтеріп отырған тақырыптары өзекті еді. Мұны баяндамашылар мен жарыс-сөзге шыққандардың сөздерінен өздеріңіз аңғарып отырған шығарсыздар. Ардақты Пайғамбарымыз айтқан екен: «Менің үмметім жиналса, тек, жақсылықтың үстіне жиналады» деп. Екі дүниенің құтқарушысы болған, Алланың Елшісі айтпақшы, бұл жиынға Әбекең Сахиұлының тарапынан арнайы шақырту алғанның бірі болған соң, екі ауыз сөз айтпастан қайтқаным дұрыс болмас еді. Осы ретте, жарыс-сөзге мен де шығып өз ойымды ортаға салғанымды жоғарыда жаздым. Дегенмен, кең соңынан күлген адам жақсы күледі» деп, өзіме тиесілі тілшілік қызметімді пайдаланып көтерілген мәселелерге газет бетінде кеңінен тоқталғанды жөн көрдім. Сонымен, жиынның тақырыбы айтып тұрғанындай, «Ислам және дәстүр құндылығы» тұрғысынан сөйлегенді дұрыс көріп отырмын. Ел арасында: «Дінді білмеген, дымды да білмес» деген мазмұнда бір бекітілмеген

қағидат бар. Мені осы бір сөзді: «Дін менен дәстүрді білмеген, дымды да білмес» деп, өзгерткім кеп отыр. Олай дейтінім, жоғарыдағы баяндамашылардың сөздерін өздеріңіз оқыдыңыздар. Сіздерді оқысын, ол жерде болмаса да қоғамда орын алып жатқан жағдайлар жөнінде ой түйсін деп, әдейі сөздерін толық бердім. Міне, солардан бірінші баяндамашы бас имам Мейрамбек Әбдіқұловтың сөзіне қатысты дана халқымыз неше ғасыр бұрын: «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» деп екі- ақ ауыз сөзбен түйіндеген. Тек, осыдан қоғамға қажетті пайданы шығарып алу немесе зиянда қалу (ысыраппен күнелту) өз қолымызда. Пайда шығара алсақ, ел болып қалуға, ұлттығымызды, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалуымызға мүмкіндігіміз бар деген сөз.

Ал енді, екінші баяндамашы Талғат Шаймерденов көтерген ұрпаққа берер ұлттық тәрбие жайында айтар болсақ, бұл бағытта да әншейін қазақ пайғамбар демесе де, ұлт ұстазына балайтын хакім Абай Құнанбайұлынан артып не айта аламыз. Бұлай деуіме себеп, хакім Абайға қарапайым қазақ халқы ғана емес, кешегі, қазақтың қаймағы саналған алаш арыстарының өздері «рухани ұстаз» деп, жүгініп, ізінен ерген, көшін жалғаған ғой. Сөйткен хакім Абай біз минуттар, сағаттар бойы сөйлеп тауыса алмай жүрген ұрпақ тәрбиесін екі ауыз сөзге ғана сыйдырған ғой. Былай деумен: «Адам ұғлының жақсы болмағы: Жақсы ата- ана; Жақсы ұстаз және Жақсы орта (құрбы) дан» деген. Осындағы «жақсы болмағы» сөзі көп нәрсе ішіне алып тұр. Абайдың өзі айтатын «Толық адамы», қазіргі кезде көп айтылып жүрген «Кемел адам» концепсиясынан келіп шығатыны бір-ақ ауыз сөзбен «адамның жақсы болмағы» ғой. Себебі, жаратылыс атаулы жаратылғалы жақсы не жаман болып екіге ғана бөлінеді. Ендеше, бізге хакім Абайдың өсиетіне сүйеніп, ұрпақ тәрбиелерден алдын сол, ұрпақты жақсы болмағынан жауапты үштікті: ата- ананы, ұстаз бенен ортаны тәрбиелеп алған жөн. Әйтпесе, «Кісі досының дінінде», «алма алмаға қарап рең алады», «алма алма ағашынан алыс түспейді» деген қанатты сөздерде келгендей, бәрі-бәрі өзімізге қоғамға байланысты. Үшінші баяндамашы Ақылбек Сергейұлы сөз еткен: Қазіргі қоғамда орын алып жүрген отбасылық (тұрмыстық) зорлық зомбылықтың алдын алуға келер болсақ, мұның да жауабы сол жоғарыдағы хакім Абайдың сөзінде. Егер, Шәккәрім Құдайбердіұлы келер ұрпақ, жастар үшін іздеген, одан басқасын таппаған қазақтың жақсысы хакім Абайға сүйеніп, қазақ қоғамының ізгі болуының алғы шарты: ата- анаға, ұстаз бенен ортаға (құрбыға) жақсы тәрбие бере алсақ, онда мейлі отбасылық деңіз, мейлі тұрмыстық деңіз зорлық- зомбылықтың қандай түріне болмасын орын қалмас еді. Ендеше, бізге ұрпақ тәрбиеліміз, ұлтты тәрбиеліміз және ұлттық құндылықтарымызды сақтап, ұлт болып қаламыз десек, Американы ашудың қажеті жоқ. Тек, ұлт зиялыларының сөзіне құлақ аспақ керек! Қоғамда қордаланған, түйткілді мәселелердің түйінін шешу үшін екі- ақ нәрсе қажет: Біріншісі, бүгінгі жиынның, мақаланың тақырыбында келгендей, тағылымды дін менен дәстүрге негізделген ұлттық тәрбиеден ғана іздеу керек! Сонда ғана ҚМДБ- сы жариялап отырған жыл атауындағыдай ізгі қоғамда өмір сүрудің ауылы алыс емес. Ол үшін әуелі ізгі ниет, игі амалдар қажет!

Данияр БЕК.

Құрметті аудан тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырмасына сәйкес, қазіргі таңда цифрлық мәселелердің орындалуы басты назарға алынған.

Полиция қызметкерлерінің басты қағидаттарының бірі - халыққа жақындығын көрсету және тұрғындардың үндеуін қашықтықтан қабылдауды дамыту, сондай-ақ қылмыстардың орын алуына жол бермеу мен орын алған қылмыстардың ізін суытпай дер кезінде ашу болып табылады.

Құқық бұзушылық немесе қылмыстар орын алған жағдайда, дереу хабарлау мақсатында «102 арнасының омниканалдығы», яғни «мобильдік қосымшасы» бағдарламасы қазіргі Созақ аудандық полиция бөлімінің кезекші бөлімшесінің жұмыс орнына енгізілді.

Осыған сәйкес, «102 арнасының омниканалдығы», яғни «мобильдік қосымшасы» бағдарламасын ұялы телефондарына жүктеу арқылы, аудандық полиция бөлімінің қызметіне жүгінуге болатынын аудан тұрғындарының назарына жеткізу жұмыстары жүргізілуде.

Сізден, жоғарыда көрсетілгендей осы «102 арнасының омниканалдығы» яғни «мобильдік қосымшасы» бағдарламасын ыңғайлы әрі жылдам пайдаланыңыздар!

Созақ ауданының полиция бөлімі.

«БЖЗҚ» АҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ ӘЛІ ДЕ ЖОҒАРЫ СҰРАНЫСҚА ИЕ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2023 жылдың 12 айында (01.01.2023 жылдан 31.12.2023 жылға дейін) өз салымшыларына 24,8 млн қызмет көрсетті. Оның ішінде 17,4 млн. қызмет электрондық форматта, 5,5 млн. – автоматты форматта ұсынылды. Күндізгі форматта 1,2 млн. операция жүргізіліп, оның 1 млн-настамы тікелей Қор кеңселерінде іске асырылды.

Өткен жылы ең сұранысқа ие қызметтердің бірі жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы үзінді-көшірмелер беру болды. Барлығы 22,7 млн. астам үзінді көшірме берілді. Оныңшамамен 17,3 млн (немесе 69,8%) - электрондық түрде, тағы 4,7 млн (19,0%) автоматты режимде салымшылар мен алушылардың мекенжайларына бұрын таңдаған "электрондық пошта" хабарлау тәсілі арқылы жіберілді.

БЖЗҚ сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетте салымшылардың (алушылардың) өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге өтініштің мәртебесін қадағалау, жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыға аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтерді әлемнің кез келген нүктесінде 24/7 режимінде пайдалану мүмкіндігі бар.

Өткен жылы БЖЗҚ ақпараттық базасында автоматты ре-

жимде 352 мыңнан астам жеке зейнетақы шоты (ЖЗШ) ашылды. Бұл мүмкіндікке БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйелері мен "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорын интеграциялау нәтижесінде қол жеткізілді. Мемлекеттік дерекқордан БЖЗҚ ЖСН арқылы жаңа салымшылардың барлық қажетті сәйкестендіру деректерін (аты-жөні, туған жылы және т.б.) алады.

Есепті кезең ішінде деректемелерді өзгертуге түскен 327 мың өтініштің 253 мыңы Қор кеңселерінде қабылданды.

Салымшылардан кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштердің саны - шамамен 750 мың.

Естеріңізге сала кетейік, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым жасап, ақыл-кеңес беру жұмыстарын өз кеңселеріне барып өткізуге кез-келген компания өтінім бере алады. Ол үшін жай ғана 1418 нөмірі бойынша Байланыс орталығына қоңырау шалу немесе Қордың сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

Қордың ақыл-кеңес беру қызметтерін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), корпоративтік сайтынан, БЖЗҚ/ENPF ұялы қосымшасынан, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты арқылы және БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан алуға болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жұмысы тоқтатылғанын хабарлайды
Садуақасов Ержігіттің иелігіндегі "Qubla" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз жұмысын тоқтататындығын хабарлайды.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:

Теңізбаев Сәрсенбек

Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:

Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілшілер-

Нуржамал МАЙУСОВА

Данияр БЕКОВ

Тілшілер-

Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ

Дизайнер-

Асхан БАҚТЫБАЕВ

Терішші-

Багила АЯЗБАЕВА

Фототілші-

Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жуантөбе ауылдық округі жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында ауыл, шағын аудан, көше тұрғындары жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындары өткізіледі.

«Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының Жуантөбе ауылдық округінде өтетін орны, күні және уақыты

қ/с	Бөлек жиын өткізуге уәкілеттік берген	Бөлек жиын өтетін көшелер	Өтетін уақыты	Жиынның өтетін орны
1	Д.Абраев	Абылайхан көшесі	27.02.2024 жСағ:10:00	Ауылдық аурухананың жанында
2	Д.Абраев	Төле би көшесі	27.02.2024 жСағ:11:00	«Бәйтерек» жанында
3	Д.Абраев	Ә.Жақсыбайұлы көшесі	27.02.2024 жСағ:12:00	Ауылдық клубтың жанында
4	Д.Абраев	Қазыбек би көшесі	27.02.2024 жСағ:15:00	«Ақбота» бөбеужай балабақшасының жанында
5	Д.Абраев	Б.Достайұлы көшесі	28.02.2024 жСағ:10:00	С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектептің жанында
6	Д.Абраев	Әйтеке би көшесі	28.02.2024 жСағ:11:00	Қ.Шаймерденовтың үйінің артында
7	Д.Абраев	Ж.Қаламбаев көшесі	28.02.2024 жСағ:12:00	Балалар ойын алаңшасының жанында
8	Д.Абраев	Қ.Омарұлы көшесі	28.02.2024 жСағ:15:00	М.Әжібековтің үйінің жанында

Мұзбалақ ақын-Мұқағали

Жыл көруені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздай жарқ етіп, күн сәулесін шашып тұрғандай сезіледі. Абаймен үндес Мұқағалидай перзенті бар халық-шынымен, бақытты халық. Мұқағали – ақиық ақын. Әр жас, талантты ұрпақ осы Мұқағали ақынның өлеңдерінен сусындайтыны анық. Мұқағали қазақ әдебиетінде өзіндік ерекшелігін көрсетіп дәлелдеп кеткен ақын деп білеміз. Жарық дүниедегі аз ғұмыры да мәңгілікпен жалғасатынын ақынның сезімтал жүрегі сезген сияқты. Иә, ақын туралы естеліктер жазылып жатыр. Уақыт өткен сайын Мұқағали ақынның тұлғасы ақиқат пен аңызға айналған. Оның поэзиясы- халқымыздың байлығы. Ол халқымен бірге биіктеп, бірге жасайтын ақын.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай Иманов атындағы жалпы білім беретін мектебінің тәлімгері Әліпбай Нұрдәулет, кітапханашы Исатай Әдемі және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 2-4-сынып 5-11 сынып оқушылары арасында «Мұзбалақ ақын-Мұқағали» тақырыбында М.Мақатаев оқуларының мектепшілік кезеңі өтті. М.Мақатаев оқуларының мақсаты - оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге, ой пікірлерін ғылыми тұрғыда дәйекті жеткізуге баулу.

Байқаудың ашылу сәтінде математика пәнінің мұғалімі Байдабекова Анар апай М.Мақатаевтың «Майгүлге»өлеңін мәнерлеп нақышына келтіре оқып берді.

Жалпы байқауға 25 оқушы қатысты. 2-4-сыныптар бойынша жүлделі орындарды I орын 2-сынып оқушысы Төлеген Кәусәр, II орын 2-сынып оқушысы Сағынтай Айкөркем, III орын 2-сынып оқушысы Пернетап Ясина иеленді.

5-11-сыныптар бойынша жүлделі орындарды I орын 11-сынып оқушысы Қамбарбек Аманбаек, II орынды 6-сынып оқушысы Досман Кәусар, III орынды 9-сынып оқушысы



Созақбай Нұрдәулет иеленді. Сонымен қатар, байқауға қатысып терең білімімен ерекшеленгені үшін оқушыларға Алғыс хаттар табысталды. Жүлдегерлерді жеңісімен құттықтап, аудандық кезеңге қатысушы оқушыға сәттілік тілейміз!

Осы іс-шараны ұйымдастырушы тәлімгер Әліпбай Нұрдәулетке ерекше ықыласпен алғыс айтамыз!

Әсия ОСПАН,

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.